

Қостанай облысының Торғай аймағындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1109

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңының 8-бабына сәйкес, 2000/2001 жылдарғы от жағылатын маусымға дайындықты қамтамасыз етуге байланысты Қостанай облысының Торғай аймағындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды одан әрі тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қостанай облысының облыстық бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды жүзеге асыру 2000 жылдың 25 желтоқсанына дейін тоқтатыла тұрсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: осы қаулының 1-тармағын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын; 2000 жылдың 25 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1999 жылғы 4 мамырдағы N 528

P990528_

қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың мерзімділігін қамтамасыз ету тәртібінің 6-тармағына сәйкес, бюджеттік алулар бойынша пайда болған жете төлемеушілік толығымен өндіріліп алынғанға дейін Қостанай облысының облыстық бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды жүргізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК